

Омаров Т.К., Кожобаева Д.А.

**ЖАЛЕЛ КЕТТЕБЕКТИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТИК
СЮЖЕТТЕРДИН КӨРКӨМ ФУНКЦИЯСЫ**

Омаров Т.К., Кожобаева Д.А.

**ЖАЛЕЛ КЕТТЕБЕК ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФТИК
СЮЖЕТТЕРДИҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ**

Омаров Т.К., Кожобаева Д.А.

**ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ МИФИЧЕСКИХ
СЮЖЕТОВ В ПРОЗЕ ЖАЛЕЛ КЕТТЕБЕКА**

T. Omarov, D. Kozhabayeva

**THE ARTISTIC FUNCTION OF THE MYTHICAL STORIES
IN PROSE ZHALEL KETTEBEK**

УДК: 821.512.122-3

Өзгөчө жазуу чеберчилигине карабастан, чыгармачылы мурасы ар тараптуу изилденбеген авторлордун бири Жалел Кеттебек. Ал өз мезгилинин светтик окуяларына жооп берген жазуучу. Анын ар тараптуу изилдөө темасы декабрь окуялары. Бул макалада декабрь окуялары темасында жазылган «Ошол дүйнөгө кайтып келген адам» повестиндеги ошол мезгилдин чындыктары каралат, ошондой эле Семипалатинск полигонунун трагедиясын ачып берген «Проеструс циклиндеги Мышыктар жомогу». Автордун идеясы, идеяны жеткірген көркөм чечимдер каралат. Бул илимий эмгекте алгач жазуучунун чыгармасында мифологиялык элементтерди реалдуу чагылдыруу жөндөмүнүн өзгөчөлүктөрү талданат. Макаланын актуалдуулугу Жалел Кеттебектин чыгармачылыгын системалуу жана илимий талдоодо турат.

Негизги сөздөр: адабият, чыгармачылык, көркөм функция, мифтик сюжет, мифтик дүйнө тааным, чыгармачылык мурас, изилдөө.

Жазушылык шеберлігі мыкты болганмен, шыгармачылык мурасы терең зерттелмеген авторлардын бири - Жалел Кеттебек. Ол - өз заманында орын алган коғамдык оқиғаларга үн қосқан қаламгер. Оның жан жақты зерттеген тақырыбы Желтоқсан оқиғасы десек, суреткерлік ерекшелігін терең көрсететін қыры - шығармаларында мифтік сарынның, мифологиялық дүниетанымның болуы. Бұл мақалада Желтоқсан оқиғасына байланысты жазылған «О дүниеден оралған адам», Семей полигонының қасіретін ашқан «Мәу болған мысықтар туралы ертегі» повесттеріндегі заман шындығы қарастырылады. Сол арқылы автордың шығармаларының идеясы, сол идеяны берудегі көркемдік шешімдер сөз болады. Осы ғылыми еңбекте жазушының мифтік элементтерді шығармаға шынайы түрде ендіре білу ерекшелігі алғаш рет талданады. Мақаланың өзектілігі де осында, яғни Жалел Кеттебектің шығармашылығы алғаш рет ғылыми негізде жүйеленіп отыр.

Кілт сөздер: әдебиет, шығармашылық, көркемдік функция, мифтік сюжет, мифтік дүниетаным, шығармашылық мұра, зерттеу.

Несмотря на особое писательское мастерство, одним из авторов, творческое наследие которого всесторонне не изучено, является Жалел Кеттебек. Он писатель, который откликнулся на светские события своего времени. Темой его всестороннего исследования является декабрьские события. В

данной статье исследуются реалии того времени в повести «Человек, вернувшийся с того мира», написанный на тему декабрьских событий, а также «Сказка о кошках в цикле проеструс», раскрывающий трагедию Семипалатинского полигона. Рассматривается идея автора, художественные решения, передающие эту идею. В этой научной работе впервые анализируются особенности умения писателя реалистично воплотить в своем произведении мифологические элементы. Актуальность статьи заключается в системном научном анализе творчества Жалел Кеттебек.

Ключевые слова: литература, творчество, художественная функция, мифический сюжет, мифическое мировоззрение, творческое наследие, исследование.

Despite his special writing skills, one of the authors whose creative heritage has not been comprehensively studied is Zhalel Kettebek. He is a writer who has responded to the secular events of his time. The topic of his comprehensive research is the December events. This article explores the realities of that time in the story «The Man who returned from that world», written on the theme of the December events, as well as «The Tale of cats in the Proestrus cyclone», revealing the tragedy of the Semipalatinsk polygon. The author's idea, artistic solutions that convey this idea are considered. In this scientific work, for the first time, the features of the writer's ability to realistically embody mythological elements in his work are analyzed. The relevance of the article lies in the systematic scientific analysis of the work of Zhalel Kettebek.

Key words: literature, creativity, artistic function, mythical plot, mythical worldview, creative heritage, research.

«Әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастаған жөн. Өйткені – дейді З.Қабдолов, - тақырып - өнер туындысының ірге тасы» [1, 160-б].

Олай болса, ғылыми мақаламызды жазушы шығармаларының тақырыптық ерекшеліктерінен бастағанды жөн көріп отырмыз. Ең алдымен көзге түсер, атап айтар ерекшелік – Ж.Кеттебектің қазақ қоғамында орын алған тарихи оқиғаларға дер кезінде үн қосып отырғандығы. Және аталған тарихи кезең шындығын өзіне ғана тән шеберлікпен көркем шындыққа айналдыра білгендігі. Ол бірнеше соқталы тақырыптарға барды. Оның алғашқы қозғаған тақырыбы – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ қоғамы

мындағы орын алған жекешелендіру науқаны. Жекешелендірудің залалды зардаптары әсіресе ауыл тұрғындарына оңай тимегені оның «Ит жанды пенделер», «Қашқын» атты т.б. шығармаларында терең көрініс тапты. Одан кейінгі атышулы тақырып «Желтоқсан көтерілісі». Аталған тақырыптың бүге-шігесіне дейін қозғап, оның саяси мәніне барлау жасаған жазушының «О дүниеден оралған адам» атты повесі осы тарихи тақырыпты өзгеше қырынан танытқан тамаша туындының біріне жатады. Бұл повестің осы тақырыпқа жазылған көркем дүниелерден өзіндік айырмашылығы бар. Желтоқсан көтерілісіне арналған прозалық шығармалардың көпшілігінде оның себебінен гөрі салдары басымырақ суреттелді. Және де көпшілік жазушылар көтерілістің өзінен гөрі көтеріліске қатысқан жастардың оқиғадан кейінгі тағдырларын көрсетуге, сондай-ақ, оқиғаға жанама қатысы бар кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы баға беруге тырысты. Ал Ж.Кеттебек повесінің бас кейіпкері екі күнге созылған қанды оқиғаның бел ортасында жүретіндігімен ерекшеленеді. Желтоқсан көтерілісінің тарихи хәм саяси шын бағасы әлі берілген жоқ. Алайда, бұл көтеріліс біз қаласақ та, қаламасақ та ХХ ғасырдың соңындағы айтулы оқиғалардың бірі ретінде тарих сахнасына шықты. Шығып қана қойған алып империяның күйреуіне түрткі болды.

Жазушы шығармашылығындағы ендігі бір елеулі, айтулы тақырып болғанмен айтуға болмайтын тақырып – Семей полигоны. Бұл да бір – қазақ қасіреті, қазақ тарихының тағы бір шерлі шежіресі.

Тәуелсіздік әкелген тақырыптың бірі, һам бірегейі. Аталған тақырып та қазақ әдебиетінде көп қозғала қоймаса да біршама қаламгерлер қалам қарымын сынап көрді.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «экологиялық тақырып» деп ат қойып, айдар тағылған мәселелерге өзгеше өң беріп, көркемдік ізденістерімен толықтырған жазушыларымыз баршылық. Бұл саладағы шығармалардың көш басында кейінгі жылдары өзінің постмодернистік ұстанымдарымен танылып үлгерген талантты жазушы Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі» мен «Қаралы төбесі» тұр. Бұл тақырыпты Н.Ораздың келесі бір тамаша әңгімесі «Жылқының көз жасы» мен Д.Рамазанның «Соңғы демі» жалғастырса, грек әдебиетіндегі аңыздық проза дәстүрін қазақ әдебиетімен байланыстырған А.Алтайдың «Кентавр» атты ізденісі мен жазылу мәнері бөлектеу тамаша әңгімесі толықтырады.

Біз зерттеу нысанына алып отырған жазушы Жәлел Кеттебек те осы тақырыпқа қатысты біраз ізденістерге барған. Бұл повест жазушы Ж.Кеттебекті тағы бір қырынан тануға мүмкіндік береді. Тақырыптың өзі тосындау. Хикаяттың аты «Мәу болған мысықтар туралы ертегі». Бірақ, біздің ойымызша

аталған тақырып онша сәтті қойылмаған сияқты. Бұл ертегіні емес, бір ұлттық трагедиялық халін бейнелейтін басқаша бір атауға сұранып-ақ тұр. Бұны айтып отырған себебіміз, аталған повест әлі баспа бетінде жарық көрген жоқ. Біз бұл шығарманы қолжазба күйіндегі нұсқасы бойынша талдағалы отырмыз. Повестің сюжеттік желісі *Әйелдің жазбалары* мен *Жігіттің жазбалары* деген екі тарауға бөліп топтастырылған. Хикаят «мәу болған мысықтар туралы ертегі» аталғанымен, бұндағы суреттелер оқиғалар өмірдің өзінен алынған ащы шындық. Алайда, бұны бір ғана шындық деу аз. Бұл соры қайнаған қазақтың тағы бір көз жасы – қайғы-қасіреті. Адамзат тарихындағы құбыжық – трагедия.

Алғашқы тараудың оқиғалық желісі бас кейіпкер Айгерімнің әңгімелеуімен өрбіп отырады. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқына тағдыр ХХ ғасырдың орта тұсында тағы бір тосын сый дайындап тұр екен. Ол тек қазаққа ғана емес, бүкіл әлемге қауіп төндіріп тұрған тажал апаны – Семей полигоны. Бірақ, Әлемге КСРО деп аталатын алып мемлекеттің айбарын асырып тұрған бұл тажалдан әзірге қазақ халқы ғана зардап шекті. Осы тұрғыдан келгенде аталған хикаят жазушы Т.Әбдікұлының «Тозақ оттары жымындайды» атты повесін еске түсіреді. Жазушының бірі еуропалықтардың цивилизация мен мәдениетті орнатамыз деген желеумен Америкалық үндістерді қалай қырып-жойғанын айтқысы келсе, екіншісі адамзат баласы ойлап тапқан тажалдың кесірінен ажал құшып жатқан аз халықтың мұң-зарын алдыңызға жайып салады.

Мәселен, Т.Әбдікұлы аталған повесінде бас кейіпкерінің аузына мынадай сөздерді салады: «...Соңғы сапардан жинаған материалдарымды жинақтап отырып, мен жақында мынадай бір пікірге келдім. Жалпы болашақ атаулы бәрімізге бірдей және бірдей қажет десек те, жеке адамдардың тілек-мақсаты, мұң-мұқтажы бір-біріне ұқсамайды ғой. Айталық біреу – аш, екіншісі – жалаңаш, үшіншісі – ауру. Аш адамға тамақ керек, жалаңашқа киім, ал ауруға тек дәрі керек. Олардың қажеттерін шатастырып үлестіруге болмайды. Халықтар да сол сияқты... Біреудің мұқтажы біреуге игілік боп жарымайды. Әлгі өзіміз баспа беттерінде цивилизацияны ту етіп, адамзат мүддесі деп даурығып жүргеніміз – үстемдік құрып отырған төрт-бес ұлы халықтың ғана мұқтажы тәрізді.

- Болмаса мемлекеттер өмірінің негізгі жүгінері - экономика емес, мораль болатын кезі жетті емес пе? Айтыңызшы [2, 148-б].

Немесе,

- Мен сол арада тұратын дәрігер жігіттің көмегімен Мату-Гроссу штатындағы бірнеше тайпаның мекенін араладым. Индеецтер отанын қазір «Жасыл

тозақ» деп атайды. Бірақ Амазонканы тозаққа айналдырған улы жыландар мен ауру тарататын масалар емес түпсіз құрдым батпақтар мен ажал көлдері де емес, адам жегіш балықтар мен каймандар да емес. ..кәдімгі цивилизация мен мәдениет апармақ болған «ақ ниетті» ақ адамдар [2, 148-149-бб.], дейтін журналист сөздерінде өмірдің қаншама шындығы жатыр.

Т.Әбдікұлы Араку сынды азшылыққа айналған аз тайпаның аянышты тағдырын жаза отырып, қазақ халқының тілінен, дінінен, ата-баба салт-дәстүрлерінен айрылып бара жатқан қасіретін де көрсеткені анық.

Ж.Кеттебек Қара теке деп аталатын бүкіл бір рулы елдің шежіре тарихын айта келіп, оның соңғы тұяғы Ержанның қайғылы қазасы арқылы бір рулы елдің соңғы үміті үзілгенін көрсетеді.

Шындығында тарихта қазақ халқы мен Америкалық үндістерді қырғандай қанды қасап, жауыздық іс-әрекет болған емес. Тағдыр мұндай геноцидті көруді қазақ пен үндістердің маңдайына жазған сияқты. Американың байырғы тұрғындары, яғни үндістердің байлықтарын иемденген еуропалықтар құлқын үшін оларды қалай қырып-жойғанына кәрі тарих куә. Ал сол Америкалық үндістердің түркі жұртының ұрпақтары екендігі бүгін ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр.

Оған дәлел ретінде «Тіл және қоғам» атты журналда жазушы-журналист Жарылқап Бейсенбайұлының «Америка үндістері - түркі халықтарының түп туысы» [3, 148-149-бб.], - деген зерттеу мақаласын ұсынуға болады. Зерттеуші үндістер мен қазіргі қазақ тілінің ұқсастықтарына ғылыми делелдер ұсынады. Ғалым ұсынған деректерден байқағанымыздай бұл генетикалық ұқсастық ғылымда бүгін ғана сөз болып жүрген жәйт емес екен. Оны зерттеу сонау ХІХ ғасырдың өзінде қолға алына бастаған.

Ал белгілі ғалым Ә.Ахметовтің «Азия-Беринг-Америка және америкалық үндістердің азиялық тегі» [4] атты кітабында да бұл мәселелер жан-жақты сөз болады. Ғалым үндістердің тілдік тұрғыдан да, этникалық тұрғыдан да түркі халықтарымен тарихи тамырластығы туралы болжам жасайды. Он бесінші ғасырдан бері тарихқа «үндіс» деген атпен енген халықтың о бастағы шыққан тегі Алтай, Азия құрлығы екендігін ғылыми дәлелдер, нақты мысалдар келтіріп, тарихи деректер арқылы айғақтайды.

Ж.Кеттебектің аталған повесінің көтерген жүгі ауыр. Өйткені, қырық жыл бойы тажал апаны болған қасірет полигоны қазақ ұлтының жан алғыш эзирейліне айналғаны шындық. Алайда ол шындықты жазу да, жариялау да кешегі кеңес заманында мүмкін болмады. Әрине, ол шындықты кім қалай қабылдады, қалай түсінді? Және бұл шындықты жазушыларымыз қандай көркемдік шындыққа айналдыра алды? Қан-

дай көркемдік формамен бере білді? Мәселе осында. Осы тұрғыдан келгенде жоғарыда аты аталған жазушыларымыз бір-бірінен дараланады. Шындық бір, алайда оны игеру жолдары әр түрлі. Бұл шындықты игеруге жоғарыда аты алған жазушыларымыздың көпшілігі прозаның қысқа жанры әңгімені таңдаған. Енді соның бір-екеуіне тоқтала кетейік.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде мүгедек Ләйләнің өміріндегі қиындықтары жайлы баяндайды. Мүгедек, әрі мәңгілік бала бейнесінде қалған Ләйлә шын мәнінде өмірде болған қыз. Оның прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны.

Жазушы кейін бұл әңгімесін драмаға айналдырса, осы әңгіме мен драманың желісі бойынша режиссер С. Нарымбетов «Қыз жылаған» атты көркем фильм түсірді.

Ата-анасынан ерте айырылған байғұс Ләйлә әпкесі Қатираның қолында өседі. Бірақ, Қатираның оған көрсетпеген қорлығы жоқ. Әңгімеде жаны жаралы Ләйлә көбінде аймен сырласып, бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтумен болады. «*О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы*» [5, 102-б] - деп қамығады. Әңгіменің соңы Ләйләнің өлімімен аяқталады.

Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесінің көтерген тақырыбы да – Семей полигоны. Бұл әңгімеде полигон зардабын тартып отырған Семей өңірін – «Жын жайлаған меңіреу өлке» деп береді. «Жынның дертінен жынды су ғана құтқара алады» деп еді-ау сонда бір сәуегей [6, 133-б].

«Жынның дертінен» құтылудың бірден-бір жолын «жынды судан» емес, қасқа биенің сүтін ішу арқылы дертіне шипа тапқан бас кейіпкер Абаттың өлім аузында жатқан қасқа биесімен қоштасуы әңгімеге негіз болған.

Ал Асқар Алтайдың әңгімесінде бізге грек мифологиясынан таныс Кентавр, яғни Бесарыс атты «айғыркісі» туралы сөз болады. Әрине, әңгімеде мифологиялық сананың шарттылығы да бар. Алайда, ол шарттылық ой айта білу үшін ойлап табылған әдемі тәсіл де.

«Әңгіме Аққазы мен Моншақ атты ерлі-зайыптылардың Тарбағатайдың етегінде елден ерек өмір сүруімен әңгіме басталады. Елден жырақта екі жастың бұлайша бөлек өмір сүруінің басты себебі – экологиялық фактор. Әңгімедегі басты тақырып Семей полигоны. Әңгіме кейіпкері Моншаққа Семей, Өскеменнің қазақ-орыс аралас дәрігерлері «құрсағында бала емес, аң мен құсқа ұңсас құбыжық жатыр» десіп, босануға рұқсат бермей, бақылауда ұстамақ болғанда, күйеуі екеуі адам аяғы жете бермейтін тау

арасына кашып барады да, сонда тұрақтап, құлын-сәбиін дүниеге әкеледі [7, 112-б].

Әрине, отасқандарына алты жыл болса да, бір шаранаға зар болып жүрген жас отбасы бұған дейін екі рет баласын жоғалтып, енді үшінші нәрестесінен өлідей де, тірідей де айрылмасқа бекінген. Құрсағындағы шарана аң болса да, құс болса сонша жыл күткен сәбилерінен қалай бас тартсын. Сондықтан да адам аяғы баспайтын тау шатқалына кашып барып жасырынуы жалпы бүгінгі көркем әдебиеттегі жатыну мәселесімен де тығыз байланысты.

А.Алтайдың бұл әңгімесі туралы көрнекті ғалым Б.Майтановтың: «Ал жалпы мифоэтикалық ойлау жүйесімен қазіргі экосоциологиялық проблемаларды бейнелі, астарлы түрде ұшырастыру Асқар Алтайдың «Кентавр» әңгімесіндегі негізгі идеологеманы құрайды. Адам бітімді, жылқы денелі, ешкімге қиянаты жоқ тіршілік иесін өздерінен басқа, өздеріне ұқсамайтын құбылыстарға төзбейтін қатыгез жандар атып өлтіреді. Оларға кентаврдың жүйріктігі ұнамайды, түр-кескіні үрей әкеледі. Дара қасиет, көне мен жаңаның ұласымы, әдемі қиялды жоқ қылатын жабайы көңілмен бірге ізгілік те мерт болады. Мәтін жүйесі бойынша дәстүрлі қалыптағы стиль басым туындыда ақырзамандық (апокалипсис) тұжырымдама әдемі қиял мен жаймашуақ әуен аралас әрі кереғар кейіпте бейнеленеді. Символ мен әсіреленген шыңдық бір тұрғыда пайымдауға келмейтін дүние кескіні жайлы әртарап ойларға ашық орын қалдырады» [8, 509-б], деген пікірі құндылығымен көңіл аудартады.

Ал Ж.Кеттебектің өзі бұл қолжазба күйіндегі шығармасына ешқандай жанрлық анықтама бермеген. Біз шығарманың көлеміне, оның көтерген әлеуметтік мәселелеріне қарай повест деп ұйғардық. Алайда бұл шығарма кез-келген романға бергісіз. Әрине, шығарманың құны оның көлемімен өлшенбейтіні белгілі. Мәселе оның сапасында десек, бұл талап тұрғысынан келгенде шығармаға мін тағу қиын.

Жазушының таңдап отырған болашақ кейіпкері де жай қыз емес. Өз қатарларынан ерте есейген Айгерімнің пайым-парасаты ойлау жүйесі, әйелге тән сезім сергелдендері оны ерекше қырынан танытып, оқырманның қызығушылығын одан әрі арттыра түседі.

«Әкемнің әкесі Батырқұл атамыз – марқұмның жатқан жері жайлы болсын – Абайды пір тұтқан әулие кісі болғанға ұқсайды. Апам құрсақ көтергенде «Болашақ нәресте ұл болса атын Мағауия қойындар, қыз туса Әйгерім болсын» деп отыратын екен. Содан, алпыс жетінің жаңбырлы күзінде дүниеге мен келдім де, әйгілі апамыздың аты маған бұйырды. Кейін бірге жүріп, бірге тұрған құрдас-құрбыларым атымды орыс мәнерінде қысқартып Айка деп кетті.

Ол кезде сондай мәнер мода болатын. Тоғызыншы класқа өткенде маған Көкқұтан дейтін тағы бір ат таңылды. Десе дегендей аяқ-қолдарым сырықтай серрейіп, аса бойшаң болып өстім. Бойым ғана емес, ойым да ерте жетілді. Он үш жасымда гимнастика үйірмесінде сабақ беретін ағайыма ғашық болып, он беске аяқ басқанда жігіттерге көздерімді қарауытып жіберіп ынтығып қарауды, қылымсып наздануды және тілімді төсеп сүйісуді білдім. Күн санап тұла бойымда бұлқынған бір ғажайып әйел табиғаты пісіп-жетіліп келе жатты. Шамасы, бұл қасиет маған анамнан жұқса керек» [9, 1-б.] деген авторлық мінездеме болашақ кейіпкер тағдырының да ерекше болатындығынан хабар бергендей.

Әйгерім мектепті бітіре сала суретші жігітке тұрмысқа шығады. Әйгерімнің тұрмысқа шыққанына екі жыл болса да бала көтере алмайды. Күйеуі Ержан екеуінің Семейдің бүкіл дәрігерлеріне қаралып, кеңес алғанымен еш нәтиже болмайды. Осы мәселеге алаңдап жүрген Айгерімнің енесі Келіншеқтауға барып, мінәжат жасап, тілек тілеп, түнеп қайтуға кеңес береді.

«Ғаріп әйелдер аналар пірінен медет сұрап Келіншеқтауға барады» дегенді өзімнің де сырттай естігенім бар еді. Бірақ ол жәйтке ешқашан да мән берген емеспін. Біз атеист болып өстік қой. Онда да анау-мынау емес, қасиетті ештемеге мойынсұнбайтын нағыз өжет атеист болдық. Сондықтан киелі орындар да, аналар пірі деген де өзіме мүлдем қатысы жоқ, атам заманда ұмытылған ескілікті нәрсе болып қана көрінетін. Ал енді ғаріптік тірлік өз басыма түскенде пәленбай жыл бойымызға мысқылдап сіңіре берген атеизмнен жұрнақ та қалған жоқ. Енемдердің ол жаққа қалай барғандарын, не істегендерін суыртпақтап сұрауға кірістім. Сөйтсем оның да өзіне тән жөн-жоралғысы бар екен. Өзім де солай болар-ау деп ойлаған едім. Құрсақ көтергісі келген әйелдердің мінәжат сапары жаз айының бітуіне тұптура бір апта қалғанда басталып, күз айының алғашқы аптасының соңына дейін ғана созылатын екен» [9, 25-26-бб].

Оқиға желісі олардың ырым етіп Келіншеқтауға барып түнегендері, соның арқасында бала көтергендігімен өрбиді. Алайда, дәл сол түні Семей полигонында тағы бір жойқын атом сынағы жарылады. Міне, дәл сол күннен бастап бұлардың өмірі тозаққа айналып жүре береді. Алдымен оның күйеуі Ержан науқасқа шалынып ақыры мерт болады. Ең аяныштысы Айгерімнің ай-күні жетіп туған баласының құбыжық кейіпін көруі еді.

Жазушы атом сынағынан Қара теке деп аталатын бүкіл бір елдің шежіре тарихын айта келіп, білгісіз бір кеселден бір рулы елдің еркек кіндіктерінің азайып бара жатқандығын жайып салады.

«Белгісіз індеттің себебі кейін белгілі болды ғой. Сөйтсек, бәрі де атом қаруының ылаңы екен. Өкімет Қара Теке руының жерінде аса жойқын бомбаларды жарып, сынақтан өткізіп келіпті. Ол жәйт еш жерде жария етілмей, құпия сақталған екен. Оның үстіне бар еркіндік өздеріне тиген әскери мамандар жарылыстардың адамдар мен басқа да тіршілік иелеріне әсерін тереңірек зерттеу мақсатында жер үстіндегі ашық жарылыстарды жиірек қолданған ғой. Қысқасы, жергілікті тұрғындар, солардың ішінде жажүрек Қара Теке руының адамдары да лабораториядағы тышқандар секілді сынақ нысанына айналған еді. Соған байланысты Ерназар атам мынадай дерек қалдырыпты. Сірә, Алматыға барған сапарында үлкен кісілердің аузынан естіген болса керек. Бір жолы Кремльдегі Дәу кісі Алматыдан «Қазақты қайтсек ашсақ алақанда, жұмсақ жұдырықта ұстаймыз?» деп сұрапты. Сонда қазақтың өзінен шыққан көтпақы біреу жарамсақтанып: «Алдымен Қара Теке руының рухын құртыңыз. Олардың бостандық сүйгіштігі ұлы империямыз үшін атом бомбаларынан да қауіптірек» деген екен. Орыстар жаппай қырып-жоятын аса қатерлі қаруларды сынағанын әскери полигонды Келіншектаудың маңына содан кейін барып әкеліпті деседі [9, 22-б].

Ал екінші тарау Алматыдағы жоғары оқу орындарының бірінде, яғни филология факультетінің студенті Мәмбет Тұрлыбековтің өмірмен байланысты қайта өрбиді. Тағдыр оны Алматыдағы көркем әдебиет баспасында істеп жүрген Айгеріммен табыстырады. Екеуінің арасындағы сыйластық махаббатқа ұласып, екеуі қайта шаңырақ көтереді. Алайда, Айгерімнің полигонда болған жарылыстан алған улы заттың уыты қанына сіңіп кеткені сонша, кейінгі көтерген екінші баласы да құбыжық кейпінде дүниеге келеді. Бірақ, мұндай қасіретті екінші мәрте көруге, көтеруге Айгерімнің жүрегі шыдамады. Тағдыр бұл жолы Айгерімді құрбандыққа шалған еді.

Жазушының бұл хикаятында бұдан өзге көтерілген мәселелер баршылық. Мұнда, сол мәселелер негізгі оқиғамен қатар, жарыса көрініс тауып отырады. Сондықтан шығарманың идеясы бірнеше проблеманы қатар ұсынады. Сол проблемаларды игерудегі жазушы қолданған көркемдік әдіс-тәсілдер де назар аудартады. Соның бірі мифологиялық дүниетаным. Жазушы мифтік элементтерді қалауын тауып шығармаға табиғи түрде ендіре білген. Жалпы ұлттың ұлылығын танытатын құнды мұраларымыздың бірі халық ауыз әдебиеті екендігі белгілі. Соның ішінде әсіресе фольклорлық проза үлгілері халық психологиясын зерттеу үшін де маңызды және қажет халық шығармашылығы болып табылады. Содан да болар фольклорлық прозаға, соның ішінде аңыздықпрозаға деген қызығушылық соңғы кезде артып келе жатыр.

Академик С.Қасқабасов фольклорлық проза шығармаларын айтылу мақсатына қарай танымдық (познавательный), мағлұматтық (информативный) және көркемдік-тәрбиелік (эстетический-воспитательный) деп үш топқа бөліп [10, 32-б.], алдыңғы топқа мифтің барлық түрлері, кейбір аңыздар, екінші топқа хикая, меморат-әңгіме жататынын, ал, үшінші топқа классикалық ертегілердің барлық түрі кіретінін атап өткені белгілі [10, 32-б.]. Әрине, осы сараланған проза жанрларының арасында қатып қалған шекара жоқ. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне кірігіп жатады. Сонымен қатар, сюжеттік желінің дамуына байланысты прозалық жанрлар бір түрден екінші түрге ауыса да береді. Мысалы, өмірде жиі кездесетін оқиғалардың бірі жайлы айтылып жүрген әңгіме келе-келе тұтастанып, көркемделіп, сюжеттік дамуға ие болған кезде ол аңызға немесе ертегіге айналып кетуі мүмкін.

Қазақ фольклористикасында өткен ғасырдың 70 жылдарына дейін халық прозасының түрлері, соның ішінде мифтер жанрлық тұрғыдан арнайы зерттеле қойған жоқ. Оның да толып жатқан өзіндік себептері бар. Мәселен, академик С.Қасқабасов мифтердің арнайы зерттелмеу себептерінің бірі ретінде – оның жанрын анықтаудың қиындығын алға тартады. Яғни, мифтердің тек таза түсінік күйінде, не болмаса тек таза әңгіме түрінде кездесе бермейтіндігі. Өйткені кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. «Тіпті көп жерлерде миф пен басқа да фольклорлық прозаны ашып айырмайды, себебі, миф тарихи негізі бар аңыз, хикаят, тіпті ертегі сипатта да баяндалады екен» [10, 65-б.].

Ал, қазақ мифологиясын арнайы зерттеген ғалым С.Қондыбай «миф» деген сөздің өзін біз бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мағынада түсінетіндігімізбен байланыстырады. Бірінші, мифті ертегі сияқты өтірік, жалған, ойдан шығарылған, қияли дүние ретінде қабылдаймыз. Екінші жағынан «миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта), нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық, жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының (социумның) өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда, «түсіндім» деген стереотипі. Яғни, бұл жағдайдағы миф ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес. Нақты халықтың дүние мен өзі туралы Шындығы, басқаша айтқанда «шын» деп есептелінген тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты» [11, 15-б.].

Ғалым назар аударған тағы бір мәселе, мифтерді қалай танып, қалай түсіндіретінімізге байланысты.

Жалпы, ғалым мифтердің жалғандықты, ойдан шығарылғанды білдірмейтінін, бірақ «жалған миф» деген де, «ақиқат миф» деген де болатынын айта келіп, дұрыс түсінілсе мифтік мұраның нақты қоғамға берері мол екендігін, ал, шалағай түсініліп оны тар мүдделі ортада, әсіресе саяси мақсаттарда пайдаланар болса мифтің қоғамға, нақты халыққа тигізер зияны шаш етектен болатынын айтады.

Жазушы Қара теке руының шежіресін таратуда мифтік желіге иек артады. «Ал енді өзім келін болып түскен Қара Теке руының тарихына қысқаша тоқтала кетейін. Басқа рулардай емес, бұл тарих әріден, көне дәуірдің аңыздарынан басталатын екен. Марқұм қайын атам Ерназар көзі тірісінде бір керегі болар деген оймен көрген-білгендерін ерінбей-жалықпай қағазға түсіре беріпті. Ол кісіге жеткен деректерге қарасак, рудың арғы аталары тұтас бір тайпа болып бір жағы тізбек-тізбек тау тіркестері, етек жағы сыңсыған кара орман болып келген өзен жағасындағы құнарлы да құтты жерде тұрыпты. Соған қарағанда, бұл жерлер Алтай тауының аймағы болса керек. Ел мен ел, ру мен ру кыркысып, қай күштілері үстем түсіп, әлсіздерін қырып тастап, жерлерін тартып алып, аттарын тарихтан жойып жіберуге тырысатын қатыгез заман. Күндердің күнінде құмырсқадай қаптаған жабайы таулықтар бұл жаққа да жетіп, тайпаны түп-түгел қырып салған ғой. Шежіреде олар жоңғарлардың арғы аталары деп көрсетілген. Бәлкім, солай болғаны рас та шығар?

Аяушылығы жоқ айуандықтан сон еркек кіндіктер бірі қалмай өлтірілген, тіпті іштерінде баласы бар жүкті әйелдер де аман қалмаған. Тайпа түгел жойылып, тарихтан аты өшкен. Тек бір әйел ғана ғайыптан тірі қалған» [9, 20-21-бб], деген шежірелік баянда әйелдің жүкті екені, елді жау шапқан күні ол құрбандық шалып, босанар алдында Тәңірдің ықыласын алғалы Әулие Жартасқа кеткендігі айтылады. Әйелдің шын аты-жөні де белгісіз, ал Қара Теке руының тарихында Дәу Ана деген атпен белгілі. Ол кісі шынымен-ақ соншалықты үлкен әйел болған ба, әлде «Дәу» деген ұғым бұл арада көнелікті, жолының үлкендігін сездіріп тұр ма, ол жағы шежіреде анық көрсетілмеген.

Елдің опат болғанын естіген әйел дұшпандардың қолына түсіп қалмау үшін орманда бой тасалап жүреді. Өйтпеуге лажы да жоқ, қолға түссе құритыны белгілі. Бірақ жабайы таулықтар да қарап жатпайды, әйелдің тірі қалғанын сезіп қойып, соңынан арнайы әскер жіберіледі. Әскерге берілген тапсырма қатаң: қалай да әйелдің көзін жою. Әйел шарасыз кейіпте жаны шырқырап, пір тұтқан құдайларын көмекке шақырып, соңғы күшін сарқып біткен сәтте алдынан көлденендеп ай мүйізді дәу арқар орғып шыға келіпті деседі.

Сол арқар болмаса әйелдің шаруасы тынып еді. Пенде баласына жанашыр жануар өкшелеп кеп қалған жасақтың көз алдында әйелді арқасына мінгізіп, арғы бетке қарай жүзіп ала жөнелген екен деседі. Алайда әйел аман құтылмайды. Қашқындар өзеннің жарым ортасынан ауып, енді құтылдық па дегенде көздеп атылған жебелердің бірі нысанаға дәл тиіп, әйелдің түп-тура қос жауырынының арасына қадалған екен. Ал бұл жай жебе емес, темір ұшы Алтай тауларында ғана ұшырасатын улы өсімдіктің тамырымен уланған жебе болатын. Ажалмен арпалысқан байғұс әйел қарсы жағалауға шығып, биік таудың етегіне ілініп үлгерген еді, сол сәтте ақтық толғағы жетіп, қалыңға тығылып, босанып ұл табады. Жебенің уы бойына жайылып, артынша бақи дүниемен қош айтысып, көз жұмған екен. Марқұмның денесі жаппақ өзеннің жағасындағы үлкен таудың басына қойылыпты деседі. Содан да осы тау кейін Келіншектау деп аталған. Дәу Ананың денесі жатқан жерді халық әулиелі жер деп кие тұтатын болған.

Ал Таутеке асырап өсірген баланың өңі ерекше кара болған деседі. Содан өсе келе Қара Теке атанып, Қара Теке руының негізін қалапты деген арғы түбі мифтік танымға барып тірелетін сюжеттік желіні негіз етеді.

Жалпы өзінің шығу тегін, рулық шежіре тарихын қасқырдан, яғни көк бөриден, не болмаса бұғыдан тарататын мифологиялық түсінік түркі халықтарының көпшілігінде бұрыннан-ақ бар мотив. Жазушы сол аңыздың желіні өз шығармасына падалана отырып, сонша алапат қырғыннан аман қалған не бір атақты би де шыққан, батыр да шыққан, қысқасы, бірінен бірі өткен өңшең өжет тұлғалар шыққан Қара теке руы бүгінгі адам қолымен жасалған қиянаттан соғыссыз-ақ жер бетінен жойылып бара жатыр деп дабыл қағады. Повесте одан бөлек қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері де айшықты көрініс тапқан. Оқиғаға қатысатын кейіпкерлер де онша көп емес. Оқиға желісі бірінші жақтан негізінен бас кейіпкер Айгерімнің баяндауы бойынша өрбіп отырады. Анда-санда көрініп қалатын қосалқы кейіпкерлердің болмыс-бітімін негізінен Айгерімнің айтуы бойынша танимыз. Дегенмен, олардың сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттері арқылы да олардың қандай адамдар екенін бағамдауға болады.

Мәселен, Айгерім өзінің анасы жайлы: «Анам Әуесай өзін арғы тегі араб зиялыларымен жалғасатын ақсүйек аристократияның ұрпағынан санайтын. Ат жақты, беті сопақтау келген, өңі аққұба, аса келісті, тәкаппар, патша мінезді әйел. Неге екені белгісіз, менен кейін анам құрсақ көтерген жоқ. Біз ата-анамызға сын көзбен қарауға әдеттенбеген халықпыз. Өзімнің шамалауымша, анама, сірә, сол кездері өршіп тұрған жабайы эмансипацияның салқыны тиген

болуы керек. Жетпісінші-сексенінші жылдары орыс қатындардың арасында батысқа еліктеп, бала орнына ит пен мысық асыраушылар көбейіп кеткен еді. Менің анам өзінің тәрбиесі мен нанымы жағынан қазақтарға қарағанда орыстарға табындау болатын. Тек оның күшік пен мысыққа әуестігінің жоқтығы ғана қанына тартқандығын сездіріп тұрды» [9, 1-б.], деген мінездемесі біраз жайттан хабар бергендей.

Жазушы Келіншектаудың күншығыс етегін жайлаған қалың елден селдіреп бірнеше ауыл ғана қалғанын. Олардың өздері де жын-пері мен қатерлі індет жайлаған қарғыс атқан мекендерін тастап, бет-бетімен бытырап кеткенін айта келіп Айгерімнің аузына мына сөздерді салады: «Ерназар атамдардың туған жерден кетіп, Ақтасты баспаналап қалуы содан екен. Бірақ олар қыр соңдарынан қалмай өкшелеп қуған қасіретті дерттен қашып құтыла алмаған, сөйтіп, түп-түгел құрып біткен. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, баяғы өжет туған үлкен елден тігерге тұяқ қалмаған. Шежіреге сенсек, менің Ержаным Қара Теке руының соңғы тұяғы екен [9, 21-22-бб.].

Повестің қысқаша мазмұны міне, осындай. Бірақ повесті аяғына дейін жүрегің езілмей, қабырғаң қайыспай оқып шығу мүмкін емес. Бұл да толғағы жетіп барып хатқа түскенімен әлі жарық көрген жоқ.

Біздің де негізгі мақсатымыз жазушының көркем дүниелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру.

Дегенмен, теңіздің дәмін тамшысынан-ақ білуге болатыны жайлы тәмсілді ескеретін болсақ, Жәлел Кеттебектің аталған повесі де қазақ әдебиетінің қоржынына қосылған қомақты үлес, керемет туынды деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. - Алматы: «Мектеп», 1970.
2. Әбдікұлы Т. Оң қол. - Алматы: «Атамұра», 2002. - 352 б.
3. Бейсенбайұлы Ж. Америка үндістері - түрк халықтарының түп туысы. Тіл және қоғам. Альманах № 2. - Астана, 2005.
4. Ахметовтің Ә. «Азия-Беринг-Америка және америкалық үндістердің азиялық тегі». - Алматы: «Жазушы», 2005.
5. Мұқанова Р. Муза. - Алматы: «Жазушы», 2004. - 328 б.
6. Ораз Н. Түнгі жалғыздық. - Алматы: «Атамұра», 2008. - 256 б.
7. Алтай А. Казино. - Алматы: «Атамұра», 2008. - 368 б.
8. Майтанов Б.Қ. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер. - Алматы: «Жібек жолы», 2009. - 544 б.
9. Кеттебек Ж. Мәу болған мысықтар туралы ертегі.
10. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. - Алматы: «Ғылым», 1984. - 272 б.
11. Қондыбай С. Миф. Кітапта: Әлемдік мәдениеттану ой-сана. 2-том. - Алматы: «Жазушы», 2005. - 568 б.